

ӘОЖ 165.9

А.Б. Шалдарбекова

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті  
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.  
E-mail: aishashaldar1975@mail.ru

### **М.Жұмабаев шығармашылығындағы тарихи және рухани сабақтастық мәселелері**

Мақалада Мағжан Жұмабаевтың өз шығармаларына сүйене отырып, ақынның тарихқа деген көзқарасы философиялық тұрғыда талданды. Мағжанның көптеген тарихи тұлғаларға баға бере отырып, заман ағымын бағамдап, кешегі, бүгінгі, болашақ уақытты бағалай отырып, тарихи болмыс пен сананың қалыптасуына тірек, негіз болатын тетіктерді анықтағандығы айтылды. Қоғамның дамуында тарихи сананың маңызды рөл атқаратындығы көрсетілді.

Мағжан Жұмабаев ақын, ұлт азаматы бола отырып, туған халқы алдындағы жауапкершілікті түсіне, сезіне білген. Мақалада ақынның ел болашағын ойлап, ұлттың сақталып қалуы үшін тарихқа үңілудің, өткеннен өнеге алудың маңызды екендігін көрсеткендігі айтылды. «Тұранның бір бауында», «Түркістан» сияқты көптеген өлеңдері арқылы ұлтты рухтандыра білгені ашып көрсетілді.

**Түйін сөздер:** тарихи болмыс, сана, Түркістан, Тұран, алаш, ұлттық тарих, ұлт тағдыры.

A.B. Shaldarbekova

### **Problems of historical and spiritual continuity in the work Magzhan Zhumabaev**

This article analyzes the ideas of the poet about the history of philosophy from a position on the basis of works Magzhan Zhumabaev. This article describes the mechanism based formation of historical existents and consciousness based on the outlook Magzhan Zhumabaev on its evaluation of numerous historical figures, his analytical vision on the past, present, and future. Also defines the role of historical consciousness in the development of societies.

Magzhan Zhumabaev being a poet is not only understood, but also responsibility of the people. He was deeply troubled peoples problem and bard in his poems raise topical issues of his time, and tried to convey to the readers.

Akin felt right ways and means of self-preservation of the nation and worried about the future of his people.

Verses «Turkistan» and «Turan» Magzhan Zhumabaev appreciates the role of historical consciousness in the implementation of the above lofty goals.

**Key words:** Historical existence, consciousness, Turkistan, Alash, national history, fate of the people.

А.Б. Шалдарбекова

### **Проблемы исторической и духовной преемственности в творчестве Магжана Жумабаева**

В данной статье проанализированы взгляды поэта об истории с позиции философии на основе трудов Магжана Жумабаева. В статье раскрываются механизмы, основывающиеся на формировании исторического бытия и сознания, миропономание Магжана Жумабаева, его оценка деятельности многочисленных исторических личностей, аналитические взгляды на прошлое, настоящее и будущее. Также определена роль исторического сознания в процессе развития общества.

Мағжан Жумабаев будучи поэтом не только понимал, но и чувствовал ответственность перед народом. Его глубоко волновали проблемы народа, в своих стихах он поднимал актуальные вопросы своего времени, старался донести их до читателей. Ақын правильно ощутил способы и пути самосо-

хранения нации, также переживал за будущее своего народа. В стихах «Туркестан» и «Тұранның бір бауында» М. Жұмабаев высоко оценивает роль исторического сознания в осуществлении вышеуказанных высоких целей.

**Ключевые слова:** историческое бытие, сознание, Туркестан, Туран, Алаш, национальная история, судьба народа.

## Кіріспе

Халқымыздың даналық рухы мен биік болмысын тану жолында қазақ ойының дамуына ерекше үлес қосқан ойшыл-тұлға Мағжан Жұмабаевтың философиялық дүниетанымын зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып қала бермек. Қазақтың қандай ойшылын алып қарасақ та, олардың шығармашылығы белгілі бір тарихи кезеңмен байланысты, қоғамдық карама-қайшылықтардың негізінде қалыптасқандығын көруге болады. Мағжан Жұмабаевтың философиялық дүниетанымы мен шығармашылығы XIX ғасырдың екінші жартысындағы және XX ғасыр басындағы замана қайшылығымен, халқымыздың тарихымен тығыз байланысты. Оның үстіне поэзия мен терең ойлылықты бір-бірімен тамаша ұштастырған, соның өзара кірігуі нәтижесінде ерекше шығармашылыққа қол жеткізген Мағжанның ойлау машығы мен сөз саптау әлемі қазақ халқының ұлттық философиясында ерекше орын алады. Мағжан дүниетанымы Шығыс пен Батыс халықтарының философиялық ілімдері мен поэзиясын өз бойында жинақтап және сол ілімдердің негізінде қалыптасып, жаңа жол – адам іліміне қарай бағыт сілтеп, Шығыс пен Батыс мәдениетінің аясында сұхбат құруы, оның шығармашылығының маңыздылығын көрсетеді.

Қазіргі замандағы маңызды мәселелердің бірі адамның еркіндігі туралы болғандықтан, адамдардың ішкі жан дүниесіндегі ар-ұждан мен адамгершілік қасиеттері қоғам өмірінде басты орынға қойылуы тиіс. Бұл жолда тарихтан тәлім алып, оны философиялық тұжырымнан өткізе білген жағдайда ғана елдігімізді бағалап, тәуелсіздігімізді сақтап қалу мүмкіндігіне ие боламыз. Халықтың өзіне тән рухани тәжірибесін өз бойына сіңірген ұлттық философияны сараптау оның өзін-өзі тануына жол ашады.

Мақаланың өзектілігін айқындау барысында мынадай тұжырымдарға мән беру қажет деп есептейміз.

Біріншіден, халқымыздың тарихында өзіндік

ізденістерімен, іс-әрекеттерімен із қалдырған ойшылдарымыздың дүниетанымын тарихи-философиялық талдаудан өткізу халқымыздың рухани болмысын тануға ерекше үлес қосады;

Екіншіден, әрбір ойшылды осындай сараптамадан өткізу ұлттық философияның аясын кеңейтіп, ұғымдарын толықтырады;

Үшіншіден, мұндай сараптау тарихи және рухани сабақтастықты нығайтып отырады.

Осындай аса маңызды қоғамдық жұмыстарды атқаруда Мағжан тәжірибесі, ақыл-ойы, ұстанымдары үлкен септігін тигізеді деп ойлаймыз. Өйткені, Мағжан өз болмысында халықтың кешегі тарихын, өз заманындағы әлеуметтік хал-ахуалдың жағдайын табысты ұштастырып, болашаққа қол созып, оған жол сілтей алған аса сирек дарын иесі.

Мағжан шығармашылығы туралы алғашқы жылы лебіздер мен толғаныстар XX ғасырдың бас кезінде Жүсіпбек Аймауытов, Қошке Кемеңгерұлы, Смағұл Садуақасов, Мұхтар Әуезов сияқты ұлт зиялыларының есімдерімен байланысты болды. Ал Кеңес өкіметінің саяси дәуірлеу уақытына Мағжан шығармашылығы туралы кең көлемде зерттеулер жүргізілмеді. Бірақ, сол жылдардың өзінде Мағжанның ерекше ақындық болмысына қамқор, көңілмен қараған Ілияс Омаров, Хайролла Махмұдов, Сәйфи Құдаш секілді көрнекті тұлғалардың еңбегін атап өтуіміз қажет.

Мағжантанудың шын мәнінде дамып, қанат жайған уақыты – бұл Қазақстанның тәуелсіздік алғанынан кейінгі кезең болды. Бұл кезеңдегі Мағжантанудың бастапқы ерекшелігі – оның шығармашылығы әдебиет танудан басқа да гуманитарлық ғылымдардың зерттеу нысанына айналып ұғымдық, мағыналық аясының кең көлемде анықтала бастауы. Мағжан шығармашылығы Ә.Нысанбаевтың [1], Д.Кішібековтың [2], С.Б.Нұрмұратовтың [3] еңбектерінде байырғы әдеби үрдістен басқа қырда талданып, оның бұрын белгісіз болған жаңа қырлары ашыла түсуде.

Тәуелсіздік алғаннан бері М.Жұмабаевтың

шығармашылығының әртүрлі мәселелерін қарастыратын бірнеше кандидаттық диссертациялар қорғалды. Олардың қатарына Г.А.Есмагулованың «Идея свободы в мировоззрении Мағжана Жұмабаева» деп аталатын кандидаттық диссертациясын ерекше атап көрсетуге болады. Автор М.Жұмабаев дүниетанымдағы экзистенциалдық мәселелерді талдап, олардың батыс мәдениетімен үндестігін, ұқсастығын көрсете білген. Әрине, салыстырмалы, компаративистік зерттеу әруақытта жақсы нәтиже береді. Бірақ, Мағжан Жұмабаев батыс экзистенциализмін білмеген күнде де өзіндік жолмен адами мәселелерді зерттеуге ұмтылыс жасап, біршама жақсы, көзге тұрарлық нәтижеге қол жеткізді.

Менің бұл мақаламда Мағжанның тарихи танымының қырларын ашып, тарихқа деген көзқарасы талданды. Ақын өзін толғантқан әрбір қоғамдық мәселеге өз көзқарасын, өзінің қатынасын анық, айқын, бірақ көркем сөз түрімен беріп отырған. Ақынның өз заманында айтып кеткен ой-пікірлері Қазіргі Қазақстан болашағын болжау үшін де өте маңызды.

Қазақ философиялық ойлау мәдениетіндегі Мағжан Жұмабаевтың орнын анықтап, ондағы философиялық ойларды түсіндіруде мен дәстүрлі әдістерге сүйендім. Атап айтқанда, абстракттылықтан нақтылыққа өту және тарихилық пен логикалықтың бірлігі принциптерін, талдау мен жүйелеу, индуктивті мен дедуктивті, түсінік беру тәсілдерін қолдандым.

### Негізгі бөлім

М.Жұмабаев өлеңдері мен поэмаларынан, ғылыми мақалаларынан қазақ халқының және әлемдік мәдениет тарихынан жан-жақты білімі бар, тарихи ойлау мүмкіндігі жоғары тұлға көрініс береді. Сондықтан ақынның тарихи сарындағы ізденістерін бірнеше бағытта қарастыруға болады. Біріншіден, кеңістік пен уақыт, жер ерекшеліктері тұрғысынан, екіншіден, тарихи тұлғаларға баға беру тұрғысынан. Біз атап көрсеткен екі өлшем Мағжанның өзінің ізденістерімен толық дәлелденеді. Олардың мағынасын ашып көрсетуден бұрын Мағжанның жалпы тарихқа деген көзқарасын анықтауымыз қажет.

Ойшыл ақын әрбір құбылыстың үш өлшемі, яғни кешегісі, бүгінгісі, ертеңі болатынын жиі

еске салады. Мұның өзі тарихи көзқарасқа жол ашады. Тек қана жол ашып қана қоймайды, оның біртұтастығын, тиянақтығын көрсетеді. Бүгінгі кешегіден туындайды, ал екеуінің өзара ұшырасуы, кірігуі, даму нәтижесі болашаққа бастайды. Кешегісі мен бүгінгісін жақсы білген қоғам ғана жоғарыға, биікке, ертеңгі болашаққа ұмтылыс жасайды. Ал бүгінгі мен келешек – кешегіні аялаудан, сыйлаудан басталады. Мағжан «Өткен аяулы» тақырыпты өлеңінде:

«Өткен артық» дер адам,  
Шеше де өлген баласын  
Аузынан, сөйлеп, тастамас, –  
Көз ішінде қарасын.  
Қылықты да, тәтті де,  
Ақылды да ол бала  
Екі жасар күнінде  
Пәлен деген – ол дана  
Жалғаны жоқ, адамнан  
Жаңаны мақтар санаулы  
Не дұрыс шығар, не теріс  
Әйтеуір өткен - аяулы» [4, 87 б.]

деп жырлайды. Бұдан туындайтын ең басты ұлағат – жаман болсын, жақсы болсын өткенді, кешегі өмірді сыйлау, аялау, ұмытпау және оған қайта-қайта оралып отыру қажеттілігі. Бұл не үшін керек? Заман, өмір, мәдениет адам ойының үздіксіз, ұдайы дамып отыруын қамтамасыз ету үшін және өткен жолдан тарихи сабақ алу үшін қажет. Сонымен қатар, әрбір тарихи оқиға, құбылыс белгілі ой иірімдерін туындатады. Солардың түпкі негіздеріне, қисынына бойлауға ұмтылыс адамды рухани дамытады, оның өресінің аясын кеңейтеді, ойлану, іздену, пікір таластыру қуатын арттырады. Өзінің, халқының, туған жерінің тарихын жақсы біліп, оның мол шуағынан нұр алған адамның рухы мықты болады. Өзінің іс-әрекетінде жаңа оқиғалар мен әртүрлі жағдайлардың өзіндік даму қисынымен бетпе-бет кездескен жағдайда адам оның бұрынғы күйі қандай болды екен деп еріксіз ойланады. Егер де бұрынғы күйінің жекелеген заңдылықтарын түсінсе, бұл жаңаны түсінуге жол ашады.

Мағжанның «Өткен күн» тақырыпты өлеңі – тарихи болмыс пен сана, мәдени, рухани даму мәселелері төңірегіндегі ізденістерін бізге жайып салатын мықты шығармаларының бірі. Мұнда бірнеше маңызды қабаттар бар. Ең алдымен, қазақ даласы өзінің барлық табиғи мүмкіндігімен көзге түседі. Еділ, Жайық, Сыр-

дария, Ертіс, Жетісу сияқты өзендері, Сарыарқа сияқты кең байтақ жері, ну тоғайы, шұрайлы қонысы - бәрі-бәрі өте тартымды суреттеледі.

«Қайыры көп ағайын,  
Кедейде жоқ уайым -  
Керек болса бір тайын  
Сұраусыз ұстап мінеді  
Болсын жаты, жақыны,  
Жоқ асынан тартыну» [4, 65 б.]

– міне Мағжан суреттеген өмір - тіршілік. Әрине, бүгінгі рухани жұтаңдық жайлаған уақытта халқымыздың бұрынғы тарихында осындай мамыражай, жайбарақат тірлік болғанын білу және оның кейбір рухани ұлағаттарын қазір де пайдалануға болатынына мән беру өте қажет деп есептеймін.

Әрине, қазіргі заман үрдістеріне сай тіршілік ету қалыбы бұрынғыдан мүлдем басқа болып, үлкен өзгеріске ұшырағандықтан үй тігіп, кереге жайып, уық байлар, киіз басар, қымыз пісер қыз-келіншектер тарих қойнауына енді. Бірақ үйден үйге қыдыру, әзілдесу, бұрала басып былқылдау қазір де іске асыруға болатын жағдайлар. Бұрала басып былқылдау дегеніміз – сызылып, үлкен ізеттікпен қозғалу, қыз-келіншектерге тән әдемілікпен сыңғырлап күлу, айналасына өзінің әдімі қылықтарымен ізгілік отын жағу.

Тағы да бір маңызды қабат – Қасымның қасқа билігі, Есімнің ескі билігі дей отырып, қара қылды қақ жарған, халқына пана болып туған, әділеттіліктің ақ туын көтерген билер туралы, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен дұшпанға қысым көрсетіп өз елін қорғаған қара керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай туралы үлкен мақтаныш сезімімен жазған.

Мағжан жырға қосып отырған Қасым хан қазақ мемлекетін күшейтуді, оның жерін кеңейтуді және халқының санын көбейтуді армандаған ерекше тұлға. Ол өзі билік құрған тұсында Өзбек хандарынан Сырдария бойын, Моғолстаннан Жетісу өңірінің үлкен бөлігін, Ноғай ордасынан Ембі, Жайық пен Еділ аралығын өз хандығына қосқан.

Қасым хан отырықшы елдердің тәртіп заңына ұқсамайтын көшпенді халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, дүниетанымына орай жаңа заң – «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын тәртіп орнатты. Бұған жазушы, ғалым, тарихшы М.Мағауин былай деп баға береді: «Қасым ханның қасқа жолы» қазақ

жұртының елдік санасын негіздеуде шешуші қызмет атқарған өзгеше құжат болды. Ел басқару жүйесінде ата жолын ұстанған Қасым хан заман ерекшелігіне орай жаңа ортаға сәйкес жаңа заң жүйесін енгізді. «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын бұл көне жарғы сол кездегі қазақ қауымының қоғамдық және құқықтық заңдарын қалыптастырды, әдеп-ғұрып, тұрмыс-салт ережелерін байыптады, жеке адамдар арасындағы, ру, тайпалар мен қоғамдық таптар арасындағы қатынас жүйесін тағайындады» [5, 17-18 бб.].

Мағжан көшпенді қазақтың мамыражай тірлігін одан ары:

«Шыға қалса бір жұмыс,  
Ұзап кетпес артық іс –  
Бітімге биге келеді  
Қасымның қасқа билігі.  
Есімнің ескі билігі  
Алдында сайрап жатқан соң  
Көпті көрген көне би  
Қара жолмен желеді  
Бір тиын пара алу жоқ  
Туралық, шындық екеуін  
Қаз қатар ғып жегеді» [4, 46 б.]

деп толғайды.

Тарихшы ғалым Б.Берлібаев: «Ақынның осы толғауы бізге шығыс, батыс зерттеушілері, жергілікті қайраткерлердің еңбектерінде жиі айтылатын «Алтын ғасырды» елестетеді. Егер Мағжан ақын «Алтын ғасырды» армандап отырса, бұл аңсаудың негізінде әділ төреші, ақыл мен арды тең ұстаған әрі шешен, тарихи тұлға, бидің атымен байланыстыратын әділетті тәртіп идеясы жатыр» деп есептейді [6, 14-15 бб.].

Б.Берлібаев отандық тарихи білімнің даму жолдарын қарастыра отырып, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қ.А.Иассауи, бірқатар ақын-жырауларды және Ахмет Байтұрсынов есімдерін атайды. Осы қатарға Мағжан Жұмабаевты да қосуға болады. Ақын арнайы тарих терминін қолданбаса да өзінің тарихи білімінің ауқымы кең екендігін барлық шығармаларында көрсеткен. Оның тарихи білімі ерекше поэтикалық әсерлі сөздермен жеткізілген. Ақынның «Өткен күн» өлеңінде Шөже, Орынбай, Жанақ, Біржан, Наурызбай сықылды ақын, серілердің есімдерінің аталуы осының айғағы.

Қазақ халқының «алтын ғасырын» аңсай отырып:

«Өткен күнді ойласам,  
Ойға терең бойласам,  
Кешегі қайран қазақтың  
Сәулеті мен дәулеті  
Көз алдыма келеді...  
Күшің кеткен баяулап  
Жүрсің атсыз жаяулап» [4, 67 б.]

деп бұрынғы өмірінің маңызы кетіп, жаңа өмір әлі толық қалыптаспай, өліарада тұрған қазақ болмысының қиыншылықтарын ерекше бір күрсініспен жырлайды.

«Өткенді ойлап қайғырма  
Әр кәмалға бір зауал  
Ежелден болмақ емес пе?  
Ескіше тұрып егеспе  
Заман түлкі, тазы бол,  
Базарша дүкен құр енді» [4, 67 б.]

деп халықты дүр сілкінуге, заман ағымына байланысты өзгерістерге үрке қарамай, керісінше, онымен бірге өсіп, өнуге шақырды, оған бейімделу қажеттігін ескертті.

Тарихи және рухани сабақтастық тұрғысынан ең құнды шығарма – Түркістан.

«Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған,  
Түріктің тәңірі берген несібі ғой» [4, 173 б.]

деген шумақтан басталатын жүз жолдан тұратын бұл өлең Мағжанның тарихи-философиялық трактаты деп есептеуге тұратын терең мағыналы, ұлағатты шығармасы. Мұны Мағжанның тарих философиясының күре тамыры ретінде қарастыруға болады. Бұған бірнеше себептер бар. Осы өлеңді талдау барысында біз оған айқын көз жеткіземіз.

«Түркістан – екі дүние есігі ғой» дегенде қандай екі дүние туралы айтылып отыр? Біріншіден, қазіргі Түркістан және оның кешегі күні. Тарихшылардың мәліметтері бойынша, орта ғасырлардан бастап осы уақытқа дейін Түркістан ұғымы үш мәнге ие болған «Біріншісі, VII-XII ғасырда түркі тілдес тайпалардың мекендеген жері, екіншісі XIV-XVI ғасырлардағы жеке уалаятты өлке, ал үшіншісі, XVII ғасырдан кейін Сырдария бойындағы Иассы қаласының атауы» [7, 13-14 бб.].

Мағжан өлеңіндегі екі дүние – Тұран және Алаш. Тұран – бүкіл түрік дүниесіне қатысты,

ал Алаш қазақ мәдениетіне қатысты ұғым деп айтуға негіз бар.

«Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен» [4, 173 б.]

деген Мағжан жолдарында V ғасырдан бастап бүкіл әлемді байланыстырған Жібек жолынан саяхатқа шыққан әр түрлі елдердің ғалымдарының пікірімен үндес Түркістан бір халықтың ғана емес, дүниежүзілік тарихпен еншілес деген пікір көрініс береді.

«Түркілер қоныстанған аумақ Тұран» деп аталады [8, 5 б.]. Мағжан Тұран аумағының табиғи келбетін жан-жақты суреттеп, оның табиғи мол мүмкіндіктерін сараптаған.

«Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,  
Шалқыған шегі – шетсіз Теңіз Арал:  
Бір шетте қасиетті Ыстық көлдің  
Бауырында дүние көрген түрік-көкжал  
Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалдай  
Балқашты бауырына алған Тарбағатай,  
Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алтай  
Қазығұрт қасиетті тау болмаса  
Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай» [4, 177 б.].

Тұранның көлі де, шөлі де, селі де айрықша мадақталып, оқушы санасында қатты толқыныс туатындай етіп бейнелеген. Осындай табиғаттың нұрлы да шуақты аймағында рухани зор байлық та дүниеге келген. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі мен сыбызғы-сырнаының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары, шешендік сөз, айттыс өлеңдері мен бостандық үшін жері мен елін қорғаған батыр бабаларымыз туралы тарихи дастандары ғасырлар бойы өз ұрпағын өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелегені тарихи шындық

«Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?  
Түрікке, адамзатта ел жеткен бе?  
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,  
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?» [4, 174 б.]

деген Мағжан толғауы жас ұрпақты бейжай қалдырмайды. Жүрегінде азғантай сәулесі бар адам ойланады.

Түркістанның қазақ хандығының астанасына

айналуы тек қолайлы географиялық жағдайына ғана байланысты емес. Ол сонау XII ғасырдан бастап әлем назарын исламдық руханиятта ерекше орын иемденетін айтулы сопылық мектептің негізін салушы ғұлама, ақын Қ.А.Иассаuidiң жан-жақты ұстаздық және уағызшылық қызметімен де өзіне аударған.

Түркістан қаласы қазақ хандары тұсында Еуразияның және күллі мұсылман дүниесінің ең ірі саяси мәдени, рухани орталығы, ал Қожа Ахмет кешені- орны бас жоғары биік хан сарайы қызметін атқарған. Арғысы Әзірет сұлтан, бергісі Қазақ хандары мен игі жақсыларының сүйегі жерленген және Абылайдың үш жүздің ханы болып сайланып, ақ киізге көтеріліп, елге танылған жері осы Түркістан еді.

2000 жылы «Түркістан халықаралық энциклопедиясының құрастырылуы жайында түсініктеме берген академик А.Н.Нысанбаев: «Түркістан – Алтайдан өрбіген он сан түркі тайпаларының кең жазыққа түсіп, қайта тоқайласқан, тұтас ұлыс боп ұйып, ортақ ділі мен дінін қалыптастырған қасиетті мекен» деп атап көрсетті [9, 137 б.].

Осы аймақта «Түркістан» немесе «Түркі елі» идеясы пісіп жетілді. Бұл идея түркі халықтарымен бірге өмірге келіп, заманалар тезінен өтіп, олар үшін түрлі ауыр тарихи кезеңдерде қорғаныс иммунитеті міндетін атқарған аса маңызды фактор болып келді. Тарихшы ғалым М.Қойгелдиев бұл идеяның авторы тарих сындарынан сабақ алған түркі жұрты дей отырып, «түрлі тарихи заманаларда бұл идеяны білдірушілер қатарында «Күлтегін» жазуының авторы, Жүсіп Баласағұн, Алишер Науаи, Мағжан Жұмабаев және осы сияқты заңғар тұлғалар бар» - деп жазды [10, 16 б.].

Мағжанның «Түркістан – екі дүние есігі ғой» деуінің екінші мағынасы осы сырлы, шежірелі аймақта Батыс пен Шығыс мәдениеттері тоғысты. Мұны ақынның мына бір өлең жолдары растайды.

«Ежелден жер емес ол қарапайым,  
Білесің тарихты ашсаң Тұран жайын.  
Тұранға қасиетті құмар болған,  
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайн» [4, 171 б.].

Кей-Қысырау Шығыс мәдениетінің өкілі, Тұрмағанбет Ізтілеуовтің «Шаһнамасына арқау болған патшалар қызметінің бастауындағы тұлға, яғни патша болған адам, ал Зұлқарнайын

– атақты Александр Македонский.

«Түркістан» өлеңінде түркі әлемінің бірқатар тарихи тұлғаларының есімі аталған.

«Тұранды түгелімен билеп тұрған,  
Ертеде ертегі хан Афрасияб» [4, 174 б.]

деп түркі өркениетінің көне дәуірінің тарихи тұлғасы Афрасиапты еске алады. Оның түркі-қазақ тарихындағы даңқы «Алып Ер Тұнғаны» жоқтау өлеңімен жырланып, бүгінгі заманға жетті. Афрасиап басқарған Тұран – түркі елінің басқыншы жауларымен ғасырлар бойы соғысып, өздері мерт болса да қазіргі атамекені, кеңбайтақ Қазақстанды сақтап қалғанын ұлттық – қаһармандық рухқа тағзым тұрғысында бағалау қажет.

Мағжан жырлаған келесі тарихи тұлға – Шыңғыс хан.

«Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,  
Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер.  
Шыңғыстай арыстанның құр аты да,  
Адамның жүрегіне жігер берер» [4, 175 б.]

деп Мағжан Шыңғыстың өр тұлғасын өлеңге қосқан. Шыңғыс бүкіл әлемге атышулы есім, ол туралы көркем кітап та, дастан да молынан жазылып, кинолар да көптеп түсірілген. Соңғы жылдары бұл есім туралы әр түрлі сарындағы пікірлер легі молынан туындауда, оның қайсар батырлығымен қатар қатыгездігі, қаталдығы, мейірімсіздігі туралы мәліметтер кеңінен таныс.

Мағжанның концепциясы бойынша, Шыңғыс ер, данышпан, одан Шағатай, Үкітай (Үгедей), Жошы, Төле тараған. Бұлардың әрқайсысы қазақ халқы үшін қымбат есімдер.

Ал Шыңғыс хан түркі мемлекеттілігін қайта қалпына келтірді. Ол құрған империяның көп жеріне түркілер иелік етті. «Сол тұлғаның еңбегінің арқасында түркі дүниесі жеке халық ретінде жер бетінде өмір сүру мүмкіндігін алды. Бұл оның адамзат тарихындағы басты мақсаты болды. Түркі дүниесі өз дамуының жаңа сатысына аяқ басты» [11, 9 б.]. Ақсақ Темір, Назар хан, Тәуке, Тарағай би, Абылай хан да осы «Түркістан» өлеңінде суреттелген.

«Түркістан» өлеңіндегі тағы да бір ерекше мәселе – рухани мәдениетке тікелей қатынасы бар мәліметтерді өлең арқылы еске салуы. Бұл жерде ақынның Ұлықбек пен Ибн-Сина Әбуғали, Әл-Фараби туралы пікірлері қызықты деп есептеуге болады.

Тұранды мақтамаймын, тіпті текке,  
 Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке  
 «Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен  
 Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке ...  
 Асыл қан – қасиетті түрік қаны,  
 Сол қаннан – Ибн-Сина Әбуғали  
 Молдығы білімнің сиқыр дерлік,  
 Дүниеге мұндай адам туды ма, әлі» [4, 175 б.]

деген Мағжан жолдары оның ғалым Ұлықбектің еңбектерімен, әмбебап ойшыл, дәрігер Ибн-Синамен және Әл-Фарабидің музыкалық шығармаларымен өте жақсы таныс болғандығын айқын көрсетеді.

Мағжанның «Тұранның бір бауында» деген өлеңі осы Түркістан өлеңімен ұқсас, үндес, бірін-бірі толықтырып, түрлердіріп тұрады. Суы сылдыраған, ағаштары ерке арудай ырғалған, шиесі төгілген маржандай, жас өрігі ақ алтындай, анары жамбыдай Тұранның баулары-ай

«Ертеден сені іздеген мен едім ғой,  
 Тұранға бір сені іздеп кеп едім ғой!  
 Ширазға, шейх Саади, Хайямдардың  
 Өртеген өзектерін сен едің ғой» [4, 168 б.]

деген өлең жолдарымен Мағжан тағы да Тұран еліне, жеріне деген ерекше ыстық ықыласын, көңілін білдіреді.

Мағжан шығармашылығындағы түрікшілдік қабаты ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының дүниетанымындағы Шығыс мәдениетінің күшті ықпалын көрсетеді. Бұл заңды нәрсе ғой. Әртүрлі мәдени үрдістер мен бағыттардың, ілімдердің өзара байланысын, үн қатысуын мойындай отырып, қазақ мәдениетінің өзі де, ең алдымен, Шығыс дүниесінің бірегей қайталанбас ерекше бөлігі екенін әруақытта назарда ұстауымыз қажет. Түркістан шығыс пен батысты өзара ұшырастырған жалғастырған алтын көпір.

Мағжанның «Қазақ тілі» тақырыпты өлеңі ғасыр басындағы ерікті, ұшқыр жаны кісенделген, жүрек соғуы солғындығын, қайрат-күші кеміген, батыры мен хандары ұмытылған қазақ халқының тілі оның кешегі мықты болмысының айғағы, белгісі ретінде қалғандығын көрсетеді.

«Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,  
 Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!  
 Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кең тілім,

Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім  
 Тарап кеткен балаларыңды бауырға  
 Ақ қолыңмен тарта аларсың сен тілім» [4, 60 б.]

деп Мағжан тілге үлкен үміт артып, елді біріктіретін, ұлттық құндылықтарына ұйыстыратын бірден-бір күш деп есептейді. Қазіргі уақытта қазақ тілінің болашағы үшін күрес Мағжан идеяларының заңды жалғасы болып табылады.

Ана тіліміз – біздің барлық ісіміздің тоғысқан түйінді жері. «Тіл- мәдениеттің барлық салаларының, яғни өнер, дін, ғылым, философия, құқық, мораль, экономиканың ішіндегі негізі және күре тамыры.

### Қорытынды

Мағжан шығармашылығының қайталанбайтын ерекше қыры – оның тарих туралы толғаныстары. Тарихи сананың маңызды тәрбиелік қуатын көрсете отырып, Мағжан әр адамды толғандыратын, ойландыратын тарихи параллельдерді қолданады. Мағжанның тарихи тақырыптағы өлеңдерінде жалпы түркі мәдениетінің қиынды да қызықты жолы, оның алып тұлғалары бағаланған.

Осы ракурста екі нәрсеге көңіл бөлген жөн деп есептейміз. Біріншіден, оның Тұран, түркі, алаш ұғымдарын ұтымды пайдаланып, географиялық, кеңістік пен уақыттық тұрғыдан жан-жақты мәлімет беруі. Екіншіден, жалпы түркі мәдениетінің маңызды тарихи кезеңдерінің «мен» мұңдалауы. Осының өзі-ақ қазіргі қазақстандық азамат жүрегінде үлкен мақтаныш сезімін туғызатын маңызды, рухани фактор. Сонымен қатар қазіргі уақытта дами бастаған түркітану ғылыми бағытына тірек, арқау боларлық ойлар көптеп табылады.

Қазіргі уақытта заман талабына сай халықаралық бәсекелестікке қабілетті болатын деңгейге көтерілуі үшін қазақтар өздері де түбегейлі өзгеруі керек. Тарихи оқиғалардан әр уақытта сабақ алып, дұрыс қорытынды жасап отыру ұлттың өзін-өзі сақтау иммунитетін күшейтпесе, азайтпайды. Осы жолда ең алдымен қазақ ұлтымен қоян-қолтық араласып, бірге өмір сүріп отырған басқа ұлт өкілдерін біздің тілге бет бұруын іске асыруымыз керек. Бұл үшін қазақтар өздері өз тіліне деген жауапкершілігін мойындап, оны абыроймен атқаруы тиіс.

### Әдебиеттер

- 1 Нысанбаев Ә.Н. Мағжан Жұмабаевтың философиясы. – Алматы: Қазақстан, 2003. – 30 б.
- 2 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.
- 3 Нұрмұратов С.Е. Халықтың рухани құндылықтары // Қазақ даласының ойшылдары (XV-XIX ғғ.). – Алматы, 2004. – 310 б
- 4 Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
- 5 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Білім, 1995. – 16 б.
- 6 Берлібаев Б. Отандық тарихи білімнің ғылымға дейінгі даму ерекшеліктері // Қазақ тарихы. – 2006. – №4. – 14-15 бб.
- 7 Кәрібаев Б. Түркістан аймағы және қазақ хандығы // Қазақ тарихы. – 1996. – №8. – 13-14 бб.
- 8 Жұмабаева Ж. I-VII ғасырлардағы түркілер // Қазақ тарихы. – 2006. – №6. – 3-6 бб.
- 9 Нысанбаев Ә. Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм. – Алматы: Философия және саясаттану институты, 2006. – 377 б.
- 10 Қойгелдиев М. Түркістанның ұлы перзенті // Қазақ тарихы. – 1997. – №2. – 16 б.
- 11 Жандарбек З. Шыңғыс хан және түркі мемлекеттілігінің қайтадан қалпына келтірілуі // Қазақ тарихы. – 2006. – №6. – 9 б.

### References

- 1 Nysanbaev A.N. Magznan Zhumabaevtyyn filosofiyasy. –Almaty: Kazakstan, 2003. –30 b.
- 2 Kyshybekov D. Kazak mentality: keshe, bugun, erten. – Almaty: Gylym, 1999. –200 b.
- 3 Nyrmyratov S.E. Khalyktyyn negyzgy rukhany kundylyktary // Kazak dalasynyn oishyldary (XV-XIX gg.). – Almaty, 2004. –310 b.
- 4 Zhumabaev M. Shygarmalary Olender, poemalar, kara sozder. – Almaty Zhazushy, 1989. – 448 b.
- 5 Magauin M. Kazak tarikhynyn alippesy. –Almaty: Bylym, 1995. –16 b.
- 6 Berlybaev B. Otandyk tarikhyy bylymnyn gylymga deiyngy damu erekshelyktery // Kazak tarikhyy. –2006. – №4. – 14-15 b.
- 7 Karybaev B. Turkystan aymagy jane kazak khandygy // Kazak tarikhyy. – 1996. – №8. – 13-14 b.
- 8 Zhumabaeva Zh. I-VII g. turkyler. Kazak tarikhyy. –2006. –№6. – 3-6 b.
- 9 Nysanbaev A.N. Tauelsyzdyk. Demokratiya.Gumanyzm. –Almaty: Filosofiya jane sayasattanu instituty, 2006. – 377 b.
- 10 Koigeldiev M. Turkystannyn uly perzenty // Kazak tarikhyy. – 1997. – №2. – 16 b.
- 11 Zhandarbek Z. Shyngys khan jane turky memlekettylygynyn kaitadan kalpyna keltyrylyuy // Kazak tarikhyy. – 2006. – №6. – 9 б.